

# АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№21 (7858)

Жұма  
27 мамыр  
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан  
shygady

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

## Құрметті балалар! Қадірлі ата-аналар!

Баршаңызды 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Жаздың алғашқы күнімен бірге келетін мереке балғын бүлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты және жыл сайын асыға күтетін басты мереке.

Ата-ананың ең үлкен бақыты – баласының жақсы азамат болып өсуі болса, ілгері ойлайтын мемлекет пен қоғамның да басты мақсаты – елге ие болатын білімді де отаншыл ұрпақ тәрбиелеу. Себебі, бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел үміті, ұлттың жалғасы.

Сондықтан, бала қуанышын бағына балаған ата-ана үшін де, бар тілегі мен елдік мұратын балалармен байланыстырған мемлекет үшін де бұл мерекенің маңызы зор.

Бүгінде баршамыздың алдымызда тұрған зор міндет – ұрпаққа заманауи білім беріп, салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасау. Бала бойындағы мүмкіндіктерді ашу. Сол себепті де біздер барынша балабақшада, мектепте, мектептен тыс уақытта балалардың тиісті күтім мен қамқорлық көруіне жұмыс жасап келеміз. Бұл бағытта елімізде жеткіншектердің білім алуына, шығармашылығын шыңдауына барлық жағдай жасалған.

Қымбатты балалар!

Біздің көңіліміздің гүлі, көзіміздің нұры, болашағымыз – сендерсіңдер! Сондықтан да, сіздер сапалы білім алып, еліміздің дәулетті, жеріміздің сәулетті болуы үшін белсенділік танытып, еліміздің одан әрі гүлденуіне өз үлестеріңізді қосуларыңыз керек.

Сендердің оқуда озат болуларыңа, жарқын болашаққа нық қадам басып, еңсесі биік ел азаматтары атануларыңа тілектеспіз.

Отбасынан басталған бақытты балалық шақтарың Отанның адал азаматы болуға жетелесін. Болашақтарың жарқын, аспандарың ашық болсын! Елімізді өркендетер келешектің кемеңгері болыңдар! Әрқашан жүздеріңізден күлкі, жүректеріңізден мейірім кетпесін!

Аудан әкімі  
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов

## Халық үніне құлақ асатын мемлекет

# Есеп еңбекті ширатады

«Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бірімізге ортақ міндет. Сондықтан, азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет, - деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында.



«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет». Мемлекет басшысы айтпақшы, билік пен бұқара арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси

ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады.

Президент Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен (Жалғасы 2-бетте).

## Референдум

# Ел тарихындағы елеулі оқиға

Жуырда Мәжіліс «Республикалық референдум туралы» Конституциялық Заңға түзетулерді қабылдады. Оған сәйкес, Заңның 3-бабының 2-тармақшасы жаңа редакцияда ұсынылды, яғни осы тармақшаның қолданыстағы редакциядағы «Тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптерін және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесін өзгерту» деген сөздерді Парламент Сенаты алып тастауды ұсынды. Конституциялық реформалар саяси жүйені түп-тамырымен өзгерту арқылы ел халқының сана-сезімін жаңғырту, жаңаша өмір сүру, қоғам мен мемлекеттің жаңаша қарым-қатынасын орнату сынды мақсаттарды көздейді. Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға енгізілетін түзетулер мен өзгерістерге қатысты жасаған бейнеүндеуінде халықтың көп жылдардан бергі талап-тілегінен туындап отырғанын айтты.

Қазақстанда 5 маусым күні конституциялық реформалар бойынша республикалық референдум өтеді. Бұл – әр азаматтың осы реформалардың елімізде жүзеге асуына үн қосуы үшін берілетін үлкен мүмкіндік.

Ә.Қапасов,

Аудандық қоғамдық кеңес мүшесі.



Жолдау мұраты – ел мүддесі

жүйесін күшейту бойынша Жолдауда біршама бастама көтерілді. Заң актісі құқық нормалары Конституциялық кеңесте қаралатындықтан, Конституциялық кеңестің болуы кезек күттірмейтін мәселе болғаны рас. Президент Жолдауында бұл кеңестің ашық, халықпен тығыз бірлікте болуын, қызметінің ашық

# «Келісіп пішкен тон келте болмас»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет басқарудағы және мемлекеттік кейбір органдардың түбегейлі реформасын ұсына отырып, жаңа құрылымдар мен жүйелерді ұсынды. Соңғы екі жылда он шақты заңның жүзеге асырылғанын, алда тағы да бірқатар заң қарастырылатынын, оның бәрі мемлекет мүддесіне орай қамтамасыз етілетініне басымдық берді.

Қоғамға өзгеріс керек екенін дәлелдеп отырған халық бұл Жолдаудан үлкен өзгерістерді күткені рас. Соның айғағы болатын 10 бағытқа құрылған Жолдау жаңа да тың серпілісті қамтыды. Саяси кешенді бағдарламаларды көздейтін Жолдау құр сөзге емес, нақты нәтижеге құрылатынын атап айтты. Партия құру мен тіркелудегі ашықтық, еркіндік, сайлау жүйесіндегі тәуелсіздік және оның электронды дауыс беру жүйесін орнатуды көздеген пікірі заман ағымына сай қарастырылған мүмкіндік деп есептейміз. Сенаттық, парламенттік жүйелер реформасының өзі маңызды мәселені көздейді. Екі палаталы парламентті қолдауы мен заң шығарушы қызметін соларға міндеттеуі де өкімет қызметіне серпін береді. Төменгі парламент қызметін күшейту, Есеп комитетінің орнына Аудиторлық палата құруды, оның қызметінің нәтижелері мәжіліс мәслихаттарында талқылануы да халық алдындағы ашықтығын танытады.

Президент Жолдауында құқық қорғау құрылуын атап айтты. Сондықтан, бірден Конституциялық сот құруды ұсынды. Бұл бастамалар институционалдық тұрғыда тең азаматтардың құқығын әділ қорғайды.

Сонымен бірге заң үстемдігін қамтамасыз етуді көздейді. Жоғары сот кеңесі соттарды жасақтауда, судьялардың тәуелсіздігі ашық сотты халықтың хабардар болып отыруын көздейді. Бұл қоғамның ашықтығын танытады.

Жолдауда отандықпарат құралдарының өз көзқарасы болуы еліміздің мықты медиалық негізі екені айтылды. Журналистер өз елінің мүддесі үшін жаны ауырып, оның әрбір ақпары үшін азаматтық мүддеге қарай жұмыс жасауы керек. Қоғамдық кеңестердің «кеңесіп пішкен тоны келте болмайтынына» тоқталды. Қоғамдық кеңес енді ұлттық құрылтай мәселесімен толықтырылып, ол халықтық деңгейде жұмыс жасайтын болады. Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында кризисте қарсы мәселелерді де қамтып, елдегі болып жатқан өзгерістерге тоқталды. Ел тәуелсіздігін сақтап қалуда елдің бірлігі, өкіметтің трансформацияға түсуі керектігін атап айтты. Үкімет елдің әрбірінің үнін естуге дайын екенін және бірігіп мәселені шеше алатынына басымдық танытты. Жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей атсалысуға шақырды.

М.Құлымжанов,

Шабанбай би ауылдық округі.

**Халық үніне құлақ асатын мемлекет**

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес облыс және қала әкімдері жылына екі мәрте, ал аудан, ауыл әкімдері тоқсан сайын жұртшылықпен жүздесулері тиіс. Тағы бір ерекшелігі, биылғы жылдан бастап аудан әкімі тек ауылдық округ орталықтарында ғана емес, өңірге қарасты барлық елді мекенде халықпен кездесу өткізіп, тұрғындардың мұң-мұқтажы мен арыз-өтініштерін өз құлағымен естиді. Ақтоғай



Ортадересін станциясында өткен жиыннан көрініс

ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2022 жылғы 4 айының қорытындылары және алдағы міндеттер туралы аудан әкімі Салтанат Әбеуованың тұрғындар алдындағы есепті кездесулері басталды.

Ортадересін станциясы бекетінде өткен есептік кездесуге аудан әкімі орынбасарлары, мекеме, бөлім басшылары және ауыл тұрғындары қатысты. Басқосуды ашқан өңір басшысы С.Әбеуова Ақтоғай ауданының экономикалық-әлеуметтік дамуының 2022 жылдың 4 айының қорытындылары туралы баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті. Станцияға қатысты проблемалық сұрақтар туралы айта келе, оларды шешу жолдары мен нақты мерзімі де ағалды.

Сұрақ-жауап кезегінде ауылға апарар жолды жөндеу,



Шашубай кентінде өткен есепті жиын

қаңғыбас ит пен мысықты жою, лизингке ауыл шаруашылығы техникаларын алу сынды мәселелер көтерілді. Аудан басшысы барлық сұрақтарға жауап беріп, шешу жолдарын ауыл тұрғындарымен бірге талқылады.

Аудан әкімінің ауылдарға сапары одан әрі Шашубай кентінде жалғасты. Кездесу барысында аудан басшысы өңір мен Шашубай кентінде атқарылған жұмыстар жөнінде ақпар берді. Сонымен бірге проблемалық мәселелерге тоқталып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы баяндады. Өңір басшысының ақпарына сүйенсек, Шашубай кенті бойынша үстіміздегі жылы елді мекеннің ішкі жолдары, кент әкімдігі ғимараты жөндеуден өтуде. Сонымен қатар көпқабатты тұрғын үйлердің (Сейфуллин 2, Құнанбаев 2, Ақбергенұлы 9) аулаларын абаттандыру, Ақбергенұлы көшесі 9 мекен-жайы бойынша орналасқан 100 пәтерлік 5 қабатты үйді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, 11 пәтерлік 2 қабатты тұрғын үйдің шатыры мен қасбетін жөндеуге қаржы қаралған.

Кент тұрғындары аудан әкімінен жеке тұрғын үйлерді

орталық қазандық жүйесіне қосып беруді сұрады. Жалпы, есеп беру жиынында медицина, баспана, кәсіпкерлік және әлеуметтік сынды бірнеше мәселе қаралды. Аудан әкімі тұрғындардың ой-пікірін тыңдап, түйткілді мәселенің түйінін тарқатуға



Тораңғалық ауылында өткен басқосу

тырысты. Сәйкесінше, аудан басшысы айтылған мәселелер алдағы уақытта қаралып, жұмыс жоспарына енгізетінін айтты.

Тораңғалық ауылындағы есептік кездесуде елді мекен көшелерін жарықтандыру, мал бағынын ұйымдастыру, азық-

түлік бағасын ауыздықтау, дәріхана ашу, жол белгілерін орнату сынды өзекті мәселелер көтерілді.

Балқаш көлі жағасында орналасқан Тораңғалық ауылы – өңіріміздегі бірден-бір туристік аймақ. Мұнда жаз маусымында еліміздің түкпір-түкпірінен, тіптен сонау шет мемлекеттерден де демалушылар көптеп келеді. Осыны ескерген жас кәсіпкер аудан әкімінің есепті кездесуінде елді мекенде қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін шағын цех ашуға аудан тарапынан көмек-қолдау көрсетуді сұрады. Сондай-ақ, тораңғалықтық тұрғындар ауыл тазалығы, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейне-

бақылау орнату керектігін тілге тиек етті.

Ауыләкімі Ардақ Боранның ақпарына сүйенсек, Тораңғалық ауылында 46 тоқ бағаналары жаңартылып, балалар ойын алаңы пайдалануға берілген. Жасыл желекті суару жүйелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, көктемгі тазалық айлығы жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Ауыл басшысының айтуынша, алдағы уақытта балалар ойын алаңдары мен кіші футбол алаңдары аумағына брусчатка төсеніштері салынып, тарапынан ауыл сыртында орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтар шығаратын орындар дайындалмақ. Тұрғындар өтінішіне орай елді мекен ішіне 10 дана бейнебақылау орнатылмақ.

Ал, Тасарал ауылында өткен есептік кездесуде тұрғындар отбасылық дәрігерлік пункт, жайылым жердің тапшылығы туралы мәселе көтерді. Аудан басшысы С.Әбеуова ауданның 2022 жылдың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері және алдағы жоспарлар мен өткен реформаларды жүзеге асыру мақсатындағы міндеттер мен негізгі бағыттар туралы және де Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауындағы тапсырмаларды орындау барысы туралы баяндама жасады.

Кездесу барысында өңір басшысына тұрғындар тарапынан сұрақтар қойылып, нақты жауаптар берілді.

Үстіміздегі жылдың 4 айын қорытындылаған есептік кездесу 20 мамыр күні Сарышаған кентінде жалғасты. Аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы межелі міндеттер жайын баяндаған аудан әкімінің

ақпарынан соң, кент тұрғындары көкейдегі сұрақтарын қойды.

Кент халқын толғандырған негізгі мәселелер қатарында электр жарығы тарифінің қымбаттығы, көпқабатты тұрғын үйге келетін су қысымының жаз маусымында азайып кететіндігі, жол белгілерінің жоқтығы айтылды. Тұрғындар көтерген келесі мәселе ит ағудың төңірегінде өрбіді. Олардың айтуынша, қазіргі таңда Сарышаған кентінде қаңғыбас иттер көбейіп кеткен.

Аудан әкімі тұрғындардың қойған сұрақ-сауалдарын соңына дейін тыңдап, күрмеулі мәселенің түйінін тарқатты. Сәйкесінше, аудан басшысы айтылған мәселелер алдағы уақытта қаралып, жұмыс жоспарына енгізетінін айтты.

Жалпы, 2022 жылы кенттегі жылу беру қазандығын орнату және ағымдағы жөндеу жұмыстары қолға алынған. Теміржол көшесіндегі саябаққа қоршаулар мен



Сарышаған кенті. Залдан көрініс

жазғы суару құбырларын орнатуға, көпқабатты үйлердің аулаларын абаттандыруға қаржы қаралыпты. Сонымен бірге кенттегі апатты жағдайда тұрған көпқабатты нөмір 4-ші тұрғын үйді қалпына келтіру үшін, су сору станциясының құрылысы бойынша және ауыз су тарту мақсатында жобалау-сметалық құжаттары әзірленуде. Сондай-ақ, аймақ басшысының айтуынша, спорт кешені құрылысы, кезекте тұрған тұрғындарға тұрғын үй сатып алу мәселесі жоспарда тұр.

Ел президенті Қ.Тоқаевтың қаулысы негізінде барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізіп, бұқарамен ашық диалог құрады. Кездесу барысында әкімдер халықтың базынасына құлақ түріп, көпті толғандыратын әлеуметтік мәселелердің күрмеуін шешудің жолын қарастырады.

Осы мақсатта аудан әкімі С.Әбеуова 23 мамыр күні Қарамөңде би ауылдық округінде болып, Ақтас ауылының тұрғындарымен жүздесті. Сөз тізгінін қолға алған С.Мірәсілқызы жыл басынан бері атқарылған істер мен алда тұрған міндеттерге қысқаша тоқталып өтті.

Ағымдағы жылдың төрт айында ауданның экономикалық өсуін қамтамасыз етуге және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жұмыстар Мемлекет басшысының бағдарламалары мен облыс әкімдігінің тапсырмалары аясында жүргізілуде. Жыл басынан негізгі қорға тартылған инвестиция көлемі 2 млрд. 443 млн. теңгені құрады. Аудан экономикасын дамытудың басты көзі болып табылатын өнеркәсіп кәсіпорындары ағымдағы жылы 61 млрд. 701 млн. теңгенің өнімін өндірді, – деп, ауданның экономикалық ахуалын қысқаша шолып өткен өңір басшысы өрмен қарай қолға алынып жатқан және жоспардағы инфрақұрылым, агроөнеркәсіп салаларын тілге тиек етті.

(Жалғасы 3-бетте).

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

# Есеп еңбекті ширатады

(Басы 1,2-беттерде).

Кездесу барысында тұрғындар өздерін алаңдататын көкейтесті мәселелерін көлденең тартып, сұрақтарын қойды. Ақтастық ағайынды алаңдататын негізгі мәселе – мал жайылымы. Ауылдағы халықтың иек сүйеп отырған, негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғаннан кейін көтеріліп отырған түйткіл өте өзекті. Ақтастықтардың айтуынша, елді мекенді жағалай шаруа қожалықтары қоныстанған. Мал ауыл басынан ұзап шыға алмайды дейді ауыл тұрғындары. Мәселенің мән-жайына қанық болған С.Әбуова Ақтас ауылының әкімі Қ.Әзірге іргелес шаруа қожалығы жетекшілерімен жүздесіп, ауыл тұрғындарымен ымыраға келіп, жер мәселесі жөнінде

мектеп директоры бастап, ауылдастар, сіздер, қоштап бір кісідей атсалысуларыңыз қажет. Қазір ауданымыздағы өзге ауылдар мұндай мәселенің алдын алу үшін еліміздің басқа аймақтарына арнайы барып, сол жақтағы көпбалалы отбасылармен жүздесіп, мәмілеге келіп, ауылдарына көшіріп әкеліп жатыр. Әкелгеннен кейін де бастарына баспана беріп, мал-мүлікпен қамтамасыз етіп, жағдай жасауда. Міне, сол секілді сіздерге де ұжымдасу қажет, – деді өңір басшысы.

Кезекті есеп беру жиыны 24 мамыр күні **Кежек ауылында** өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасары С.Амралин мен бөлім, мекеме басшылары қатысты. Аудан басшысының тоқсандық қорытынды есебін

алмас үшін жан-жақты әрекеттәніп жатырмыз. Мәселен, жуырда ғана 2 отбасы ауылымызға келіп, жұртшылықпен жүздесіп, тілдесіп кетті. Қазір сол кісілермен телефон арқылы сөйлесіп отырмыз, – деді.

Жиын соңында қатысушылар ауылдың суын ішіп, жеріне қоныс теуіп, кәсібін жүргізіп отырған шаруа қожалығы жетекшілері де осындай маңызды кездесулерде төбе көрсетіп, ауылдың әртарапты мәселелерін шешуге атсалысса екен деген уәждерін айтты.

4 айлық қорытынды есеп кездесуі **Жидебай би ауылына** қарасты Аккемер ауылында өтті. Әдеттегідей жиын шымалдығын түрген С.Әбуова аудан төңірегінде атқарылып жатқан шаруалар бойынша аз-кем ақпарат



меморандумға отырғызуды тапсырды.

Сонымен қатар, жүздесуге келген жұртшылық аудан орталығымен байланыстырып тұрған көтерме жолдың орташа жөндеу жұмыстары сапалы жүргізілсе деген талаптарын жеткізді. Бұл мәселе жөнінде аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы А.Қапашев жауап берді.

– Жалпы, Ақтоғай-Ақтас бағытындағы көтерме жолға орташа жөндеу жұмыстарын «Балхаш СнабПродукт» мердігерлік компаниясы жүргізеді. Аталмыш компанияға 30 шақырым автогрейдерді тек қыру ғана міндеттелген, – деді А.Ермекбайұлы.

Жиында талқыланған тағы бір мәселе – мектептегі бала санының азаюы. Ауылдағы ағайын бала санының аздығынан мектеп жабылып қала ма деп алаңдаулы.

– Бұл күні кеше пайда болған мәселе емес. Ілгеріде дабыл қаққанбыз. Аталмыш күрмеуді шешу үшін ауыл әкімі мен

кейін тұрғындар өз сауалдарын жолдап, сұрақ-жауап алмасты. Кежектік ағайын, мектептің жылу қазандығы бөлек шығарылса, бос уақыт өткізу орталығы ашылса және мал бағыны ұйымдастырылса деген өтініш-тілектерін алға тартты. Тұрғындардың талаптарына құлақ түріп тындаған С.Мірәсілқызы әр сауалға жеке-жеке тоқталып, жауап берді. Елді толғандырған білім ошағының жылу қазандығын бөлек шығару мәселесі жөнінде аталмыш мектептің директоры Д.Ізбасар толыққанды мағлұмат берді:

– Көтеріліп отырған мәселеге орай жылу қазандығын жеке шығару үшін 21 млн. 400 мың теңгеге конкурс ойнаттық. Бұйырса, жақын күндері құрылыс жұмыстары да басталады. Бұдан бөлек біз мектептегі бала санын азайтып



берді. Содан кейін шара әрмен қарай ашық диалог алаңына айналды. Қатысушылар алаңдатып жүрген сұрақтарын қойып, тиісінше жауап ала алды.

Аккемер ауылының тұрғыны, зейнеткер ана Зағым Мұқсынова ауылда отбасылық емхананың жақсы жұмыс жасап тұрғанын, дәрігерге ырза екенін айта келе, осынау емханада физиотерапия құрылғылары орнатылса екен деген өтінішін айтты. Және мұнда да толғақты түйткілдің бірі – мал жайылымы сөз болды. Жиынды қорытындылаған аудан әкімі С.Әбуова көтерілген барлық мәселені назарда ұстайтынын айтты. Сондай-ақ, ауыл тұрғындарын еліміздің саяси-қоғамдық өміріне белсене араласуға шақырып, алда келе жатқан еліміз үшін маңызы зор жалпыұлттық реферандумға бей-жай қарамауға шақырды.

**Д.ҚАБЫЛ,  
Е.АЙТЖАН.**



Қазақстан-2050: кәсіпкерлік саласы

## Жас кәсіпкерге қолдау зор

Жылдағы дәстүрмен аудан жастары арасындағы кәсіпкерлікті қолдау мақсатында аудан әкімінің гранты табысталды.

Жалпы, тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміз жастарды қолдауға басымдық беріп, осы бағытта көптеген шараны жүзеге асырды. Әсіресе, соңғы уақытта ел жастарына көңіл бөлу, оларды барынша жан-жақты қолдау ісі ерекше қарқын алды. Соның бір парасы жыл сайын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жастардың әлеуметтік маңызы бар тың жобаларын қолдау мақсатында берілетін аймақ, өңір әкімдерінің гранттары. Оның айқын бір дәлелі, 26 мамыр күні аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов бір топ жас кәсіпкерлерге аудан әкімінің грантын тапсырғаны. Биылғы жылы бұл бағытта ауданымызда 8 млн. теңге қаржы бөлінген.

– Жастар мәселесі қашанда назарда. Өйткені, жастар – таусылмас күш пен

сарқылмас қайраттың қайнар көзі. Өздерін өмір сүруге лайықтай білетін, рухани азығы мол қасиеттерге ұмтылып, көңілдегі көксеген мұраттарына кедергісіз қол жеткізіп жүрген жастарымыз – қоғамның негізгі қозғаушы күші.

Оларды демеп, ынталандырып отырса, аспайтын асуы, алмайтын қамалы жоқ, – деп сөз сабақтаған аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов жас кәсіпкерлерді құттықтады.

Жыл сайын беріліп келе жатқан Ақтоғай ауданы әкімінің гранты биыл да талай жастың кәсібін өрге сүйреуге мүмкіндік берді. Бүгінде олардың қатарына тағы да 11 шағын бизнес

субъектісі қосылып отыр. Атап айтқанда, Ақтоғай ауылының жастары А.Азимбекова (500 мың теңге) қоғамдық монша ашу, Л.Баймұрат (800 мың) Қымызхана саумал терапиясын ашу, Ш.Саятұлы (700 мың) үйлену тойын безендіруге құрылғылар сатып алу, М.Сағынбай (600 мың) кондитерлік цех ашу, И.Лекер (1 млн.) «Oimag brend»

Куаныш ауылының жас кәсіпкері Н.Мұқтар (600 мың) қоғамдық монша, сарышағандық жас кәсіпкерлер А.Алтаева (500 мың) кондитер цехын, С.Султанова (1 млн.) ағаш шеберханасын ашу жобалары бойынша жеміспаз атанды.

Ауданның жастар ресурстық орталығы.



шағын тігін шеберханасын дамыту, Ж.Тураева (1 млн.) «Химиялық тазалау орталығын ашу», сонымен қатар Шабанбай би ауылының жас кәсіпкері Е.Шәкіжан (800 мың) шлак блоктарын өндіру. Ал қусактық жас А.Жақыпбекова (500 мың) кіші кондитерлік цехын ашу бойынша грантка ие болды.

Сондай-ақ, Қарамөңде би ауылдық округі,

# Балапанның былдыры – жаңа таңның нұрлы үні!

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні



## Байқау қоржынынан

### Ақтоғайым

Таң қылаңдап, шомылып шапағына,  
Төгіледі кербез күн Ақтоғайға.  
Аққайыңды тербейді жыр құшағы,  
Қалықтап бұлбұл үні аспанымда.  
Биік шың Шатыршамды ұнатамын,  
Тылсым дүние өзің деп тіл қатамын.  
Түндігін түріп Шолпан оятқанша,  
Қиялыммен санама сурет салдым.  
Ақтоғайым – жыр дарыған құт мекенім,  
Еркелеп мен өзінде ер жетемін.  
Көкшетау, Бурабай мен Оқжетпесін,  
Тең келмес жыр дарыған құт мекенім.  
Ақтоғайым, арқалы ақындардың,  
Күміс көмей, жезтандай Күләштардың.  
Ізін жалғап Тоқырауын толқындары,  
Балбырауын аққайындай бұраласың.  
Тоқырауын – тұлғалар тұрған мекен,  
Суын ішіп, шалғынын кесіп өткен.

Үш арысым жол сілтеп тұр төрімде,  
Ұрпағың мақтанышпен басын иген.  
Токсан жыл торқалы той топырағың,  
Тойлап жатыр төсінде ұрпақтарың.  
Кемеріне соғылып асау толқын,  
Тоқырауын, тоқсан жыл толқып ақтың.  
Өнер тамған бұл өлке құт мекенім,  
Нарманбетің жырлаған белестерің.  
Қасиетті Әулиетау бұлағындай,  
Сары даламда Аққыздың күйін төктің.  
Жер жәннаты – Ақтоғай, құт-берекем,  
Асан қайғы аңсаған ұлы мекен.  
Жылуыңды Жер-Ана, сезіп өсіп,  
Шағырмақ бұлт жырымды арнап келем.

Амина Зекен,  
К.Байсейітова атындағы  
мектеп оқушысы.

## Қымбаттым менің – туған жер

Туған жер – ауылым, алтын бесігім.  
Оның адам өмірінде алатын орны ерекше,  
киелі ұғым. Туған жер, туған ел деген екі  
ғана сөзде қаншама мағына, қаншама ой  
жағыр десеңізші?! Туған жердің қадірін  
әр адам әрқалай түсінеді. Туған жер қадірі  
дүниедегі ең ұлы деген нәрсемен пара-пар.  
Себебі, ол – сенің әлісештеген анаң, аялап  
өсірген әкең, туған-туысың, аға-әпкең,  
сені білім жолына жетелеген ұстаздарың,  
сол білімге ұмтылу жолындағы тай-  
кұлындай тебіскен жора-жолдастарың,  
дүниеге келген жерің, қызыққа толы  
өткен балалық шағың, туған ауылыңның  
ауласы. Туған жер арқылы еліңнің  
өткені мен болашағын байланыстыра  
аласың. Нағыз балалық шақтан бастап  
адамзаттың Отанына деген сезімі оянады.  
Отан дегеніміз не деген сұрақ туындайды.  
Туып- өскен жер ме, мәдениет пе, әлде  
Отан ол үйіңнен орта ма? Әрине, «орта»  
деген сөзге көп нәрсе кіреді. Қазақ жерінде  
туса да, туған бетте шетелге кетіп қалған  
бал, туған елін Отаным деп санамайды.  
Өйткені, туған жерінде өспегендіктен,  
оған деген ыстық сезім туындамайды.  
Адамзат өмірінде адам болып туғаннан  
кейін қазақ жерінің азаматы, баласы  
болып туу үлкен мәртебе. Олай болса,  
туған елге деген патриоттықтың алғы-  
шарттары менің пікірімше «Менің елім  
– Қазақстан, мен Отанымды сүйемін, мен  
қазақпын» деген сөздерді айтудан бастау  
алады. Бірақ, көп адамдар «сүйемін»  
деп айтуға үйір емес. Біз Отанымызда  
өмір сүріп жатқан кезде «Отан оттан да  
ыстық» дегенге мән бермейміз. Ол үшін  
адам баласы жанын беруге дайын болуы  
тиіс. Біз тек өзіміз аман-есен, жақсы  
өмір сүріп жатсақ, жақсы тамақтанып,  
жақсы киінсек, мінер көлігіміз жылы,  
ыңғайлы, жайлы үй болса, барлығы болса  
деп өмір сүреміз. Алайда, Отан деген  
осы айтылғандардан мүлде басқа нәрсе  
екенін, өмірден де артық зат екенін әр  
азамат сезіне бермейді. Екіншіден, әр  
қазақ азаматтарының әскери борышын

өтеу арқылы одан көп нәрсе үйренуден,  
Отанға деген құштарлықтан, «Отан»  
деген сөздің түп-төркінін білуден, Отанын  
құрметтеуден, қорғаудан басталады. Кез  
келген уақытта Отан үшін жанын беруге  
дайын екенін түсінуден тұрады.

Қазақтың бойшағын жалғаушы ұрпақ  
ретінде «менің елім, мен сен үшін әрқашан  
бас тізуге дайынмын, мен сені сүйемін»  
деп үнемі айтып жүру патриоттыққа  
баулиды. Біздің ата-бабамыздың тарихта  
ұланғайыр жер қалдырып кеткенін  
бағалау – парыз. Оның байтақ даламен де  
дәлелденетінін естен шығармау керек.

Туған елге, туған жерге туған тілге  
деген ыстық сезімнің үздік үлгісі мен  
үшін осындай болмақ. Отан туралы ой  
толғасақ, жан толғанысың айтып тағыса  
алмасың, сірә. Туған жердің – қазақ  
елінің қадірін біле жүрейік дегім келеді.  
Уақыт өзгерген, технология көптеп өнген  
бұл заманда адамдар тіршілік тынысына  
терең кірді. Осындай уақытта Отаны  
туралы насихаттау, оның мәнін түсінуді  
кейінгі ұрпаққа үйрету әр азаматтың  
парызы. Атақты қолбасшы Шыңғыс хан  
былай деді: «Өзімнен күш-қуат кетсе де,  
ақыл-ойдан адастырмайсың, бүгін денем  
жараланса да, тұтас елім бөлінбесін» –  
деп айтуы Отанға деген ыстық сезімін,  
оның толыққанды азаматы болуын,  
шекарасының мықты болуын, оны  
қарайтын адамының болуын, атамекені  
мен туған жеріне деген ықыласын көруге  
болды.

Сол сияқты «Мен қазақпын деп айту  
үшін Қазақ деп соғатын жүрек болу керек»  
деп білаймын. «Мен қазақпын, мың өліп,  
мың тірілген, Жөргегімде таныстым мұң  
тілімен. Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,  
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген», – деп  
Ж.Молдағалиев жырлағандай, қазақ елі  
барлық ауырпалыққа төзе білген батыр  
халық, ержүрек халық!

Нұрбай Мирас,  
Қошқар орта мектебінің 6-сынып  
оқушысы.



## ӨСІП КЕЛЕ ЖАТЫРМЫН

Төлеген Айбергенов

Кеудесінде таулардың,  
Кемесінде арманның,  
Жалау етіп өрлікті,  
Ескек етіп ерлікті,  
Есіп келе жатырмын!  
Адал терін әрдайым,  
Моншақтанып маңдайым...

Соқсын дауыл ол, соқпасын,  
Қиындықтың көк тасын,  
Кесіп келе жатырмын.  
Кейде күнмен теңесем.  
Таласып күнмен мен өсем.  
Гүл теремін жерімнен,  
Бірге туған елімнен  
Өсіп келе жатырмын!

## Жас құтқарушылар жігерін жаныды

Балалар жылы аясында Қарағанды  
қаласындағы орталық мәдениет және  
демалыс саябағы аумағында облыстық  
«Жас құтқарушы» жарысының  
қорытынды кезеңі болып өтті. Жарыстың  
мақсаты – балалар мен жасөспірімдер

департаменті ұйымдастырды. Жарысқа  
аймақ көлемінен жалпы 16 команда  
қатысты. Жас құтқарушылар арасында  
өткен сайысқа ауданымыздан Ә.Бөкейхан  
атындағы тірек мектебінің 9-сыныптардан  
жасақталған «Жас сарбаздың»



арасында салауатты өмір салтын  
насихаттау, төтенше жағдайлар қаупі  
төнген жағдайда жеке және ұжымдық  
қауіпсіздік мәселелеріне жауапты қарау.  
Оқушыларды спортқа тарту және жас  
ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу.  
Ауқымды іс-шараны Қарағанды  
облысының білім басқармасы ТЖ

оқушылары қатысып, 4-ші орын иеленді.  
Сайыс таныстыру, сұрақ-жауап,  
жауынгерлік қанағ жаю, өрт сөндіру  
колонкасын белгіленген нүктеде орнату,  
арқан байлау, алғашқы медициналық  
көмек көрсету секілді кезеңдерді  
қамтыған.

Өз тілшімізден.



## Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі

Жаңа өмір баспалдағына жолдама беретін 25 мамыр – балалықтың соңғы әнін шырқайтын күн. Бұл күні жақсы шәкірт азамат атанып, аяулы мектебіне деген қиастық сезімін кешеді. Ұлттың тірегіне айналып, үлгілі ұл-қызды білім жолына бастаған ұстаздар да түлектерге сәт-сапар тілеп, қол бұлғайды. Арман қуып алысқа аттанар күні соғылған күміс қоңыраудың үні де, сондығымен ыстық болып қала береді.

## Ал жол, саған, жас түлек!



Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде «Сынғырла, соңғы қоңырау!» атты салтанатты жиын өтті. Республикалық, облыстық, аудандық түрлі байқаулар мен пән олимпиадаларының жүлдегерлерін түлеткен білім ордасындағы салтанатты шараның шымылдығы еліміздің Әнұранымен ашылды. Түлектерді, мектеп ұжымын аудан әкімінің орынбасары Серік Амралин құттықтады.

– Бүгін тағы бір оқу жылы аяқталды. Көз алдымызда тұрған түлектер үлкен өмір жолына аттанғалы тұр. Сіздер балалық шақтарыңыз өткен алтын ұямен қош айтысып, жарқын болашаққа қадам басасыздар. Бұл күн – түлектер есінде қалатын, жүректеріне жылылық пен болашаққа деген қызығушылық сезімдерін қатар ұялататын ерекше күн. Алдағы уақытта тек жақсы жетістіктеріңізбен, жоғары көрсеткіштеріңізбен қуанта беріңіздер. Сапалы білім, саналы тәрбие берген ұстаздардың және аялап өсірген ата-аналарыңыздың үмітін ақтайды деген сенімдеміз. Тестілеуден сүрінбей өтіп, қалаған мамандық иесі болуларыңызға тілектеспіз, – деді аудан әкімінің орынбасары С.Амралин.

Мұнан соң Ә.Бөкейхан атындағы

орта мектебінің директоры Қайыржан Абдрахманов сөз алып, 2021-2022 оқу жылында білім ошағының қол жеткен табыстарын баяндап, үздік оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан оқу үздіктеріне, аудандық, облыстық, республикалық сайыстарда жүлделі орындардан көрінген мектеп мақтанштарына грамоталар мен Алғыс хаттар табыс етті. Салтанатты жиынға келген қонақтар да сөз алып, үлкен өмірге қадам басуға жолдама алған түлектерге сәт-сапар тілесе, бірінші сынып оқушылары тақпақ оқып, өлең айтып, мектеп бітіруші аға-апаларының ҰБТ-ны ойдағыдай тапсыруларына тілектестік білдірді.

Шара барысында түлектер ұстаздарына жүрекжарды өлеңдерін арнап, әсем әндерін жолдап, 10-сынып оқушыларына білім кілтін табыстады. Соңғы қоңырау соғу салтанатына 11-сынып бітіруші түлектер Санжар Бекет пен Айжан Амандық ие болды. Мұнан соң ән әуезі қалықтап, мерекелік кеш мектеп түлектерінің қоштасу вальсімен түйінделді. Биыл жалпы аудан бойынша 23 мектептен 185 түлек 11-сыныпты бітіреді. 7 мектеп бітіруші – «Үздік аттестатқа», 8 түлек – «Алтын белгіге» үміткер.



## Қияға қанат қаққан күн

Қоңырау – үлкен өмірдің бастауы. Күні кеше кітап бетіндегі қаріпті танымай, әліпті таяқ деп білмейтін бүлдіршін оқу құралын сайлап, сәмкесін асынып білім айдынына аттанайын деп толқып тұрған шақта осы күміс қоңырау соғылған. Сол сәттен бастап оқушы бастауға бас қойып, сусындап «инемен құдық қазғандай» ілім теріп, өмірлік азық жинайды. Араға аттай он бір жыл салып күміс қоңырау тағы да күмбірлейді. Бірақ қоңыраудың бұл жолғы үні қоңыр, маңызы салмақты. Кешегі тарыдай болып кірген шәкірт таудай болып, қанаты қатайып, білім ұясынан үлкен өмірге самғамақшы.



25 мамыр күні Ақтоғай ауылындағы К.Байсейітова атындағы жалпы білім беретін орта мектебі тағы бір мәрте мектеп бітіруші түлектерін қанат қақтырып, шығарып салуға жиналды. Сән-салтанаты келісіп, безендірілген мектеп ауласында ән әуелеп, оқушыларға арналған ақ тілектер ақтарылып жатты. Салтанатты шараның шымылдығын Ақтоғай ауылының әкімі Қ.Болғанбаев құттықтау сөзімен ашты:

– Құрметті ұстаздар мен ата-аналар және оқушылар! Сіздерді соңғы қоңырау мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Әр мектептегі соңғы қоңырау мерекесі бұл мектеп тарихына кіретін көңілді әрі қуанышты оқиға. Түлектер өздерінің он бір жыл білім алған алтын ұясымен қоштасса, ұстаздар өздерінің сүйікті шәкірттерін үлкен өмірге қанаттандырады. Барша жас түлекке Ұлттық бірінғай тестілеуден абыроймен өтіп, Қазақстанымыздың білікті маманы атануларына тілектеспін. Ардақты ата-аналар! Сіз бен бізді байланыстырып тұратын ортақ балаларымыз мектеп табалдырығын аттап, болашаққа арман қуып кетіп барады. Ұл-қыздарыңыз өздеріңіздей үлгі боларлық үлкен азамат болғай. Сәт-сапар, жас түлек!



Келесі кезекте сөз тізгінін алған мектеп директоры Қ.Амралина жыл көлеміндегі мектеп жетістіктеріне тоқталып, мектеп мақтанштары – оқу үздіктеріне, спорттық және басқа да сайыстарда жеңіске қол жеткізген оқушыларға мақтау грамоталарын табыстады.

Мектеп бітіруші түлектер ізбасар бауырларына білімнің алтын кілтін табыстап, олар өз тарапынан ұлт намысын сақтап және ел тұғырын биік ұстауға және мектеп мәртебесін биікте ұстауға сөз берді. Бозбала мен бойжеткен болып, арман асуына бет алған қыз-жігіттер ұстаздарына жыр арнап, қимас сезім әуенінде мектеппен қоштасу вальсін биледі.

Д.ҚАБЫЛ,  
Е.АЙТЖАН.



# ҚИЯФА ҚАЖАТЫ ҚАЖЫЛЫҚ ДАР!



Ә.Бөкейхан атындағы мектептің түлегі, жиеніміз **Бекет Санжар Серболұлы!** Сені мектеп бітіруіңмен шын жүректен құттықтаймыз! Өмірдегі бар жақсылықты тілей отырып, алдағы алар асуларыңа ақ жол тілейміз. Келешегің кемел, болашағың нұрлы болсын! Әулетіңнің қуанышы, шаңырағыңның шаттығы бол!

**Ақ тілекпен: нағашы әжең – Қарлығаш, Жайна, Жасұлан-Бақыт, Сержан-Келбет, Абылай-Айгерім, Нұржан, Айбол, Қаракөз.**

Құрметті мектеп бітіруші жас түлектер **Сағатбек Серікбек Сағынбекұлы, Есім Әмина Мамырқызы, Сағат Нұрсәуле Абзалқызы, Совет Арман Талғатұлы, Зарузада Мадина Төлегенқызы, Медет Ернұр Фибратұлы, Ислам Саятұлы, Зекен Диас Еркемұлы, Мұхамедияров Ержан Досымұлы!**

Үлкен өмірге қанат қағып барасындар. Қанаттарың талмасын, биіктерге шырқандар! Жоғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітірулеріңе тілектеспіз. Таңдаған мамандықтарыңның мықты маманы, кәсіпқойы болындар. Мектеп өмірі артта қалды, алдыңда күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте берулеріңді тілейміз.

Алтын ұя мектептің тұлпарлары, дүлдүлі, Жұлдыздары жүректің жетілдіндер бұл күні. Бірің – хакім, ал бірің болыңыздар ғұлама, Мың дауыспен сайраған, өмірдің бұлбұлы.

**Ігі тілекпен: Қанат-Нұрида, Нұрлан-Гүлден.**



Сүйікті де сүйкімді қызымыз **Төлегенқызы Мадина!** Ақылды, ажарлы жиеніміз **Серғазықызы Меруерт!** Сендерді соңғы қоңырау мерекесімен құттықтаймыз! Болашаққа бастайтын алғашқы қадамдарың құтты болсын. Алдағы үлкен сынақтардан сүрінбей өтулеріңе тілектеспіз.

Өмір деген аямасын сый-нұрын, Сендер үшін ерекше ғой күн бүгін. Мектеппенен қошпасарда соңғы рет, Шашайықшы әсем әуен, жыр гүлін.

**Ігі тілекпен: үлкен атасы – Құрманғазы, үлкен әжесі – Күлән, Әлия, апа-жездесі – Еркін-Гүлмира, аға-женгесі – Бекай-Айқа, бауырлары – Нұртілеу, Айзада, Айханым, Айкүміс, Мариям, Айсара.**



Мектеп бітіруші **Саяжан Нұржанқызы!** Алтын ұя мектебіңмен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алуыңмен құттықтаймыз! Аңсаған арман-мақсаттарыңа жетіп, өмірден өз орныңды табуыңа шын ниетпен тілектеспіз. Ата-анаңның үмітін ақтап, еліңе, жеріңе қызмет етер азаматша бол. Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, думанды шақ тілейміз.

Ақ арманың тосып тұр-ау алда шын, Кербез көңілің биіктерге самғасын. Мына өмірде алып шығар өзіңді, Еңбек, білім – қос қанатың талмасын.

**Ігі тілекпен: нағашыларың, нағашы жезден – Бауыржан, нағашы апаң – Еркежан, бөлелерің – Жадыра, Ернар.**



Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектептің түлегі **Құмар немересі Айару Амангелдіқызы!** Сені мектеп бітіруіңмен құттықтаймыз! Балалық шақтан болашаққа аттанған қадамың сәтті болсын. Аңсаған армандарыңның биік шыңдарына шығып, аға-ана, туған-туысқандарыңның мақтанышы бол. Әрқашан алдыңнан ақ жол ашылып, мерейің үстем болсын!

Қоштасады ұшқан ұяң – мектебің, Маңдайыңнан сүйіп өтер көктемің. «Сәт сапар» деп қол бұлғаймыз бәріміз, Тілейміз біз армандарға жеткенің.


**Ігі тілекпен: Рысмағанбетовтер әулеті.**



Құрметті мектеп бітіруші түлектер **Бекет Санжар Серболұлы, Аманолла Арайлым Айдосқызы, Боранкүл Аружан Аманғазықызы, Тасболат Алдыр Айдынтұлы, Тасболатова Акерке Айдынкызы!**

Сіздерді мектепті бітіріп, үлкен өмірге жолдама алған соңғы қоңырау мерекесімен құттықтаймыз! Алдағы тағай асу-белестерді бағындырып, сынақтан сүрінбей өтіп, жұлдыздарың жанын деп тілейміз. Көздеген мұрат-мақсаттарыңызға қол жеткізіп, армандарыңыз орындала берсін. Келешектеріңіз кемел, болашақтарыңыз жарқын, жолдарыңыз ақ, бағыттарыңыз түзу болсын! Сәт-сапар тілейміз.

**Ақ тілекпен: Ержан-Диана, Талғат-Сымбат, Нұрбек-Айна, Еркебұлан-Әсем, Нұрлан-Айна, Кеңес-Сандұғаш, Сәулет-Саягүл, Асхат-Жұлдызай.**



Құрметті **Совет Арман Талғатұлы, Аманолла Арайлым Айдосқызы, Каримова Жансая Жәнібекқызы!**



Сендер бүгін алтын ұя мектептеріңмен қоштасып, азамат болып, үлкен өмірге жолдама алғалы отырсындар. Осы қуанышты күнде сендерге сәтті сапар тілейміз. Қалаған мамандықтарыңның иесі болындар. Сендердің бойларыңдағы қабілеттерің, ерекше дарындарың, өмірге құштарлықтарың болашақтарыңнан үлкен үміт күттіреді және сол үкілі үміт үдесінен шығатындарыңа сенеміз. Өмір жолыңда сүрінбей, осы бір ақжолтай сапарларыңда жолдарың ақ болып, білімнің биік шыңынан көріне беріндер. Келешектерің кемел, алар асуларың биік болсын.

**Ігі тілекпен: көршілері – Сейілхан, Рахия, Гүлсім, Өрік, Маралбай, Асхат, Еркін, Нұрлан, Күмісбек, Коли, Ерғазы, Кеңес, Төлепберген, Русланның отбастары.**



Аяулы жиен-немереміз **Сейітмұхамбет Аида Еркінқызын** мектеп бітіруімен құттықтаймыз! Үлкен өмірдің табалдырығын аттап отырған саған ақ жол тілейміз. Аида тағай сын-белестер күтіп тұр. Көздеген мұрат-мақсаттарыңа қол жеткізіп,

армандарың орындалсын. Келешегің кемел, болашағың жарқын болсын. Саған зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, думанға толы шуақты күндерің көп болсын деп тілектестік білдіреміз.

Ұзап шығып тәлім алған ұядан, Уақыт келді қанат қағар қияға. Жолың болсын мына өмірде әрқашан, Тәңірімің күтіп тұрсын сыйы алдан.

**Ігі тілекпен: нағашыларың, атасы – Шабанкүл, апасы – Қабира, Гүлбаршың, Жасұлан, Руслан-Жеңіс, Тілек, Әділет, Арсен.**



Құрметті мектеп бітіруші түлектер **Исабекова Карина Сабырқызы, Медет Ернұр Фибратұлы!**

Міне, сіздер он бір жылдық мектеп өмірімен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқалы тұрсындар. Қанаттарыңыз талмасын, жолдарыңыз әрқашан ашық болсын. Алдағы сынақтан сүрінбей өтіп, таңдаған мамандықтарыңыздың орындалсын. Сіздерге сәт-сапар тілейміз.

**Ізгі тілекпен: Тәбарак-Оркен, Мүкәрәм-Кәмел, Серік-Бибігүл, Сағат-Бақытгүл, Көнтай-Бақша, Жаңагүл, Еркебұлан-Әсем, Ернат-Мәншүк, Нұрхан-Балжан.**

Құрметті мектеп бітіруші түлек **Қаура Еркебұлан Жасанұлы!**

Сені мектеп бітіру қуанышыңмен құттықтаймыз! Бала шақтан болашаққа аттаған қадамың сәтті болсын. Қанатың талмай, алға қойған мақсатыңа жете бер. Әркез алдыңнан ақ жол ашылып, өміріңде қуанышты күндер көп болсын.

**Ізгі тілекпен: көршілері – Сағдат-Сарқыт, Нұрғазы-Еңлік, Әдебиет-Шахаризада.**



# ҚИЯҒА ҚАЖАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ ДАР!



Құрметті мектеп бітіруші жас түлек **Фарица Ералықызы!**

Сені мектеп бітіру қуанышыңмен құттықтаймыз! Бала шақтан болашаққа аттаған қадамың құтты болсын. Арманның биік шыңына шығып, еліңе елеулі болып, ата-анаңның мақтаншы бол. Әркез алдыңнан ақ жол ашылып, өмірінде қуанышты күндерің көп болсын.

Арманға қадам бастың, Келешек тосқан бәрін. Басып тұр ең алғашқы, Үлкендік баспалдағын.

**Құттықтаушылар: нағашылары – Әзімбаевтар отбасы.**



Қадірлі баламыз әрі бауырымыз **Асқар Мағжан Азаматұлы!**

Сені алтын мектебіңмен қоштасқан соңғы қоңырау салтанатымен шын жүректен құттықтаймыз! Әрдайым бақыттың базарынан, жеңіс тұғырынан көріне беруіңе тілектеспіз. Жүзіңнен күлкі кетпей, ата-ана, туған аламанда тұлпарыңның тұяғы тозбай, сұңқарыңның қияғы талмай, биік белестерден көріне бер. Ансаған мамандығыңа қол жеткізіп, қатарыңның алды бол.

Ғылым қу, елге ет еңбек, Маман бол қажет, білікті. Өресі биік екен деп, Мақтайды жампоз жігітті.

**Құттықтаушылар: Сейдахметовтар отбасы.**



Сүйікті немере, аяулы қызымыз **Сейітмұхамбет Аида Еркінқызы!**

Сені бүгінгі алтын ұя мектебіңмен қоштасып, өмірге қанат қалқалы тұрған қуанышыңмен құттықтаймыз! Өмірің сәттіліктерге толы болып, ақ армандарың алға жетелеп, мақсаттарың орындалсын. Алдағы жүрер жолдарың ашық болып, мандай жұлдызың жарқырап, қатарыңның алды бол. Қолыңа алып жатқан қызыл аттестатың әркез қызыл жолдармен жүріп, еліңе еңбек етуге жол ашсын. Біз сені биіктерден көрейік, үлкен сенім артамыз. Қалаған мамандығыңның шыңын бағындырып, елге қызмет жасай бер.

Болашақта өмірің нұрлы болсын, Іздеген бар арманың қолға консын. Азаматша бол, ел сыйлаған тұлға бол, Мақсатына жете бер, құлыным сол!

**Тілек білдіруші: Несібековтер әулеті.**



Құрметті баламыз, ерке бауырымыз **Қаура Еркебұлан Жақсыбергенұлы!**

Саған ақ жол тілейміз! Үлкен өмірге қанат қағып барасың, қанатың талмасын, биіктерге самға! Ата-ана мен бауырларыңның үкілеген үмітін ақтап, қалаған мамандық иесі болуыңа тілектеспіз. Тек жақсылығыңа қуанып жүрейік. Алдағы уақытта тек қана сәттілік жар болсын! Сәт-сапар, жас түлек!

Қол бұлғап алыс ақ арман, Нұр шашып сол кез жанардан. Сәт-сапар, саған жас түлек, Күтеді сені жол алдан.

**Ізгі тілекпен: әкең – Жасан, анаң – Күлпат, аға-жеңгең – Данияр-Сағыншып, апаң – Акерке, қарындастарың – Инжу, Айару.**



Қымбатты бауырымыз, сүйікті қызымыз **Исабекова Карина Сабырқызы!**

Сені орта мектепті бітіріп, үлкен өмірге аттаған қадамыңмен құттықтаймыз! Балдәурен шақтың балауса қызықтары артта қалып, жаңа өмірдің үлкен сатысына қадам басар шағыңа үлкен сәттіліктер тілейміз. Алдыңнан жарқыраған күн шығып, арман-қанатың қияларға жетелесін.

Болашақта өмірің нұрлы болсын, Іздеген бар арманың қолға консын. Келешегің жарқын болсын, жол болсын, Болашақ өмірің нұрға толсын.

**Ізгі тілекпен: әжесі – Маша, жезде-апасы – Саят-Шара, апалары – Жанар, Гүлім, ағалары – Нұрсұлтан, Мейіржан, Жасұлан, Ерлан, Шыңғыс, Бағлан, бауырлары – Сабина, Нұрислам, Санжар, Амир, Дамир, Аружан.**

Құрметті **Мадияр Ержанұлы!**

Сені алтын ұя мектебіңмен қоштасып, үлкен өмір жолына қадам басыңмен құттықтаймыз! Әрдайым жүзін нұрға, өмірің қуанышқа толы болып, ата-анаңның үмітін ақтап, биіктерден көрініп, жұлдызың жарқырай берсін. Алдағы уақытта алға қойған барлық мақсаттарың орындалып, болашағың жарқын, келешегің кемел болсын. Әрқашан еліңнің мақтаншысы, қатарласыңның алды бол. Өмірдің сан тарау жолдарында қанатың талмай, барлық ізгі армандарыңа сүрінбей жетіп, қалаған оқу орнына түсіп, үздік мамандық иесі болуыңа шын жүректен тілектеспіз. Жолың ақ, қадамың оңынан болсын!

Өмірден енді дәріс ал, Білім мен ойды қоса ұштап. Самғауға жас түлек, барын сал, Қанатың болсын аттестат!

**Ізгі тілекпен: құда-құдағиы – Арыстанбек-Бақыт, Марғұлан-Сәуле, Медина, Осман, жезде-әпкең – Абылай-Ғауһар.**



Құрметті **Амангелді Эльдар Есентайұлы!**

Сені алтын ұя мектебінді аяқтап, үлкен өмірге жолдама алған қуанышты күнмен шын жүректен құттықтаймыз! Алдыңа қойған арман-мақсаттарыңның биігінен көрінуіңе тілектеспіз. Жоғары оқу орнына түсіп, еліміздің елеулі азаматы бол!

Сұңқар болып самғағын биіктерге, Құт дарысын, бақ консын өзіңе. Арманның асқарына құлаш сермеп, Толы болсын өмірің жеңістерге.

**Тілек білдіруші: жездең – Асхат, апаң – Ардак, жиенің – Әлихан.**

Құрметті **Медет Ернұр Фибратұлы!**

Сені мектеп бітіруіңмен құттықтаймыз! Тарыдай болып кірген мектебіңнен таудай болып, жаңа өмірге қанат қағып барасың. Өмірдің сан тарау жолында биік белестерге шығып, жоғарғы оқу орнын қызыл дипломмен бітіріп, әрқашан биіктерден көрінуіңе тілектеспіз.

Сұңқар болып самғашы биіктерге, Құт дарысын, бақ қонып бір өзіңе. Арманның асқарына құлаш сермеп, Толы болсын өмірің жеңістерге.

**Ақ тілекпен: Ернұр-Гүлзат, Нұрдәулет-Сымбат, Бекарыс, Ерсұлтан, Елназар, Инжу, Зере.**



Құрметті **Шернияз Мейіржан Ержанұлы және Есім Әмина Мамырқызы, Каримов Әлішер Өміргайұлы!**



Сендерді үлкен өмірге қадам басуларыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Қадамдарыңа гүл, талаптарыңа нұр бітсін. Өмірден өз орындарыңды тауып, таңдаған мамандықтарыңның білгірі болуларыңа тілектеспіз. Білім іздеп шыққан сапарларыңда қанаттарың талмай, көздеген мақсаттарыңа жетуге жазсын.

**Ізгі тілекпен: Ақтоғай атыраптық пошта байланыс бөлімшесінің ұжымы.**

Құрметті бауырымыз **Сәттарбек Рамазан Құттыбекұлы және баламыз Орман Аяулым Маратқызы!**

Сендерді мектеп бітіріп, аттестат алу салтанаттарыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Келешек үлкен өмір сендерді күтуде, сол өмір ағы тәнізден талмай өтіп, биік белестерді бағындырып, үлкен мамандық егесі болыңдар. Егемен елдің еңсесін биіктететін тұлға болып, туған жерге мандай тер төгіп қызмет жасайтын азамат, азаматша болып, бақыттың төріне шығыңдар. Көздеген мұрат-мақсаттарыңа қол жеткізіп, армандарың орындалсын. Келешектерің кемел, болашақтарың нұрлы болсын!

Түсініп жөн мен жобаны, Ер жеткен жансыңдар жетелі. Шыңдарда ғана болады, Қыранның салған мекені. Алда талай асу-белестерді бағындыра беріңдер! Нұрлы жол, думанды жастық шақ тілейміз.

**Ақ тілекпен: Сәттарбектің әулеті.**

# ҚИЯҒА ҚАЖАЫП ҚАЖЫЛЫҚ ДАР!



Қарағанды қаласының тұрғыны **Ғалым немересі Алтынай Бекзатқызы!**

Сені алтын ұя мектебінді аяқтап, үлкен өмірге жолдама алған қуанышты күніңмен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңе саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Қызғалдақтай құлпырған жастық шағында қабағыңды кір шалмасын, өмір сені алақаныңда аялап, қуаныш бесігінде тербесін.

Жұлдызың жансын! Саған әлемдегі барлық жақсылық пен ізгілікті тілейміз. Өмірдің сан тарау жолында биік белестерге шығып, жоғарғы оқу орнын тәмамдап, қатарластарыңның алды болуыңа тілектеспіз. Әрқашан атар тандарың арайлы болып, аңсаған арман-тілектерің орындала берсін. Анаңның қуанышы, шанырағыңның шаптығы бол! Алдағы сынақтан сүрінбей өтіп, ақжолмен арман-мақсаттарыңа жете бер!

Айтылады тілектер шын жүректен, Мейірімді жүзінде шуақ, көктем. Бақытты да бал күндер таусылмасын, Өзіңмен бұл өмір әсем, көркем.

**Ігі тілекпен: әжең – Мария, әпке-жеделерің – Әлия-Серікбол, Шынар-Марат, Жаңагүл-Асқар және Ибраевтар әулеті.**

Мектеп бітіруші жас түлек, жиеңіміз **Әлихан Мейрамулы!**

Сені бүгінгі алтын ұя мектебіңмен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқан сәтінмен құттықтаймыз! Өмірдің кіші белесінен өтіп, даңғыл жолына қанат қақтың. Болашаққа бастайтын алғашқы қадамыңа сәттілік тілеп, алдағы белестерді бағындырып,



қалаған мамандығыңның егесі бол. Көздеген мұрат-мақсаттарыңа қол жеткізіп, нұрлы армандардың шыңына шық!

Өмір-өзен аямасын-сый-нұрын, Есте қалар ерекше ғой бүгін күн. Мектеппен қоштасарда бір саған, Шашайықшы әсем әуен, жыр гүлін.

**Ақ тілекпен: нағашы ата-әжең – Алпысбай-Торғай және Дулат, Жасулан, Ерболдың отбасылары.**



Бүгінгі күні алтын ұя мектебіңмен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқалы тұрған **Мирас Қанатұлын** осы қуанышты күнімен құттықтап, алдағы уақытта сәтті қадам болып, алдына қойған арман-мақсаттарыңның биігінен көрінуіне тілектеспіз. Келешегің кемел алар асуларың биік болсын.

Бейбіт аспан аясында әрдайым туғандарыңның үкілеген үмітін ақтап, мақтанышы бол!

Балалығың өтті, міне, байқалмай, Нұры болғын шанырақтың жайқалған. Алда асу, армандарға жете бер, Қабыл болып, ақ тілектер айтылған.

**Тілек білдірушілер: атасы – Марат, Қанат-Гүлжанат, ағасы – Лияс.**



Кішкентай құлыншағымыз **Нүрсәуле Абзалқызы!**

Міне, өмір өз ағысымен сырғып, сенің де мектеп бітіріп, аттестат алатын уақытың келіп жетті. Балалықпен қоштасып, даналыққа бағыт алған сәтіңе құтты қадам тілейміз. Бастысы, денсаулығың зор болсын, бақыттың бақшасында қуанышты күндерді көріп, өзің тандаған мамандықтың иесі бол. Туған елге, халыққа қызмет жасайтын үлкен ұлтжанды азаматша бол.

Биік-биік белестерді бағындыр, Кедергіні алдындағы алып ұр. Ел сүйсінер мамандықтың иесі болып, Әр уақыт халқыңнан бата алып жүр!

**Ігі тілекпен: нағашы әжесі – Гүлсім, Ерғазы-Айнұр.**

Құрметті **Бекет Санжар Серболұлы!**

Үлкен өмірге қанат қағып барасын. Қанатың талмасын, биіктерге шырқа! Жоғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіңе тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол!



Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарыңнан сүрінбей өте берудіңді тілейміз. Ақ арманың жетелесін алға шын, Қайырымсыз, қос қанатың талмасын. Адамдықты бетке ұста, бастысы, Бұл өмірде білім болсын жолдасың.


**Ігі ниетпен: әжесі – Қарлығаш және нағашы бауырларының.**

Құрметті мектеп бітіруші жас түлек **Боранкүл немересі Аружан Аманғазықызы!**

Сені алтын ұя мектеппен қоштасып, қызыл аттестат алуыңмен құттықтаймыз! Үлкен өмірге аттаған қадамыңа гүл бітсін. Алға қойған арман-мақсаттарыңа жетіп, сынақтан сүрінбей өтіп, қалаған маман иесі болуыңа тілектеспіз. Денсаулық, бақытты күндер тілейміз.

Білімді басқа жастадың, Ғылымды іздеп үніліп. Өмірге сапар бастадың, Алдында күтіп үміт тұр.

**Ақ тілекпен: маманның әріптестері – Рая, Айгүл, Зайдагүл, Раушан.**



Құрметті **Каримова Жанасая Жәнібекқызы және Сардарова Алтынай Жандосқызы!**

Сендерді соңғы қоңырау мерекесімен құттықтаймыз! Тарыдай болып келіп, мектептен таудай болып қанаттанып, үлкен өмірге аттанып барасыңдар. Сендерге ақ жол тілейміз. Қалаған мамандықтарыңның иесі болып, өмірдің өріне, бақыттың төріне шығындар. Үлкен-үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, өмірден орындарыңды адаспай тауып, егемен елдің көк туын тұғырлы етегін азаматшалар болындар. Ақ жол тілейміз.

**Құрметпен: Үкеевтер әулеті.**

## Спорт – денсаулық кепілі

# Аудан споршылары – жеңіс тұғырында

Таяуда Қарағанды қаласында ҚР Спорт шебері А.Қайроллаұлын еске түсіруге арналған қазақ күресінен дәстүрлі турнир жалауын желбіретті. Ардағын ардақтаған байрақты бәсекеге 2005-2006 жылы туған жасөспірімдер қатысты. Кіл мықтыдан шын мықтыны анықтаған жас балуандар сайысына Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спортшылары қатысып, аудан намысын қорғап қайтқан болатын.

Қазақ күресінен жарыс қорытындысы бойынша Арнұр Көмекбай 60 келі салмақ дәрежесінде 1-орын иеленді. Сайран Секен 65 келіде 2-орынға табан тіресе, осы салмақ дәрежесінде Нұржан Әбілғазы, сондай-ақ 70 келіде Бекнияз Нұрлан мен Асанәлі Серкебай 82 келі салмақта



жұлделі 3-орыннан көрінді.

Сонымен бірге, күні кеше Шымкент қаласында 2007-2008 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында Темірлан Мәуленкүл жеңіспен оралды. Қазақ күресінен 65 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Темірлан республикалық жарыста 1-орынды жеңіп алды.

Әрине, облыстық, елдік мәреде спортшыларымыздың жетістікке жетуі жеткіншектерді ұлттық спортқа баулып, ауданда қазақ күресін дамытуға сүбелі үлес қосып жүрген Қайрат Қынаятов пен Бертілек Хуанғанның еселі еңбегінің жемісі екені даусыз.

Өз тілшімізден.



Рухани жаңғыру

# Туған жерге тарту

Туған жерге тағзым, кіндік қаны тамған топырақты қастерлеу – қазақ халқының әлімсақтан жалғасқан салты. Ол – ұлттық санамыздағы қастерлі ұғым. Елжандылықтың тамыры – кіндік қаны тамған жерді, өскен өлкеңі сүю, оған құрмет таныта білу. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласынан бастау алған «Туған жер» бағдарламасы осыған үндейді. Бұл орайда, туған өлкеңнің өркөңдеуіне өздігіңнен үлес қосып жүрген азаматтар да жоқ емес екені көңіл қуантады. Туған жердің әр түлегі қай жерде, қандай қызметте жүрсе де, атамекен – алтын бесігін бір сәт те естен шығармай, оған мәңгілік қарыздармын деп есептейтіні сөзсіз. Өйткені, азамат бойындағы дарын, қабілет, тектілік сынды абзал қасиеттер ана сүті, әке қаны, туған жердің топырағынан дариды. Елбасы мақаласындағы осы бір құнды бағдарламаны насихаттау мақсатында



еліміздің түкпір-түкпірінде ауқымды шаралар мен акциялар ұйымдастырылып келеді. Соның бір парасы, ауданымызға қарасты Қуаныш ауылында құны 2 млн 200 мың теңге тұратын елді мекеннің атауы жазылған белгі орнатылды. Қуаныштағы игі бастамаға ауылдың сыртта жүрген азаматтары мен тұрғындары демеушілік танытыпты.

–Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, қаз басқан қасиетті мекені. Өскелең ұрпақ осындай игі істерден үлгі ала білсе, біз үшін зор мөребе. Ең бастысы, осы белгі ауыл көркін ашып, сөнін келтіріп тұр. Жастарымыздың демеушілігі арқасында ауылымыз көркейіп, дамып келе жатқанын мақтанышпен айтамыз. Шағын елді мекен болса да, ауыл халқы өте ұйымшыл

Осы кезге дейін ауыл имамы Бауыржан Омарбековтің ұйытқы болуымен бірнеше игі істі бірлесіп атқарып келеді. Енді ауыл болып мешіт жанынан асхана салу ойда бар, – дейді Сейфолла Болғанбаев ауылдастарының жарқын бастамасы жайында сұрағанымызда.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді қазақ халқы. Қашанда бір женнен қол бір жағадан бас шығара білген қуаныштықтар ел болып қаражат жинап, ата-бабаларының қорымдарын қоршады. Сауапты іске бір кісідей жұмылған ауыл азаматтарының осынау ізгі амалы кім-кімге болса да үлгі. Ауыл тұрғындарының айтуынша, жалпы 5 млн теңге қаражатқа 1350 метр қоршау алынған.

Думан БАҚЫШ.

Қазақстан-2050: кәсіпкерлік саласы

Кәсіпкерлікті дамыту – бүгінгі күннің алға қойылған маңызды міндеттерінің бірі. Кәсіпкерлік қаншалықты дамыса, экономика да соншалықты өркендеп, өсе бермек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған кезекті бір Жолдауында: «Кәсіпкерлікке қолдау көрсеткенде орта бизнеске де ерекше назар аудару керек. Өйткені нарықта табысты болудың негізгі көрсеткіші орта бизнестің өркендеуімен өлшенеді. Шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 2025 жылға қарай 35 пайызға дейін, ал жұмыспен қамтылғандардың саны 4 миллион адамға дейін көбеюі керек. Бұл осы саланы дамытуға бағытталған жұмыстардың басты нәтижесі болмақ» – деп атап өткен болатын.

Осы ретте, жас болса да бас болып, алдына мақсат қойып, өзінің шағын кәсібін дөңгелетіп отырған жас кәсіпкерлер хақында сөз етуді, өзге жастарға үлгі ретінде насихаттауды жөн санадық. Бүгінгі заманның талабы да осы. «Кәсібіне қарай – нәсібі» демекші, бүгінде

өз мүмкіндіктеріне қарай кәсіп ашып, ісін дөңгелетіп отырғандар саны күннен-күнге артып келеді. Сол жандардың қатарында

Сарышаған кентінің тұрғыны, жас кәсіпкер Зинаида Казанцева да бар. Негізінде, еңбек етуші халықтың көпшілігі шағын және орта бизнес арқылы нәпақасын айырғанда ғана еліміздің белгілі бір тұрақтылыққа қол жеткізетінін Зинаида жақсы біледі. Кәсіпкерлікпен айналысу оның бала күнгі арманы екен. Сөйтіп, өткен жылы тәуекелге бел буып, Сарышаған кентінің



Тіл тағдыры – ұлт ғұмыры

«Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!»

Қалдыр Мырза Әли.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсынұлының қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата Заң аясында

мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл, оның ішінде, біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру – әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. «Қанша тілді

## Мемлекеттік тіл

бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да – өзіміз.

Тәрбие тілден басталады дейді халқымыз. Тіл меңгеруде ата-ана мен білім ұяларының рөлі ерекше екенін, әр отбасы бесіктен бастап балаға қазақ тілін үйретуді қолға алу басты мақсат. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші, өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті. Қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қоныссыз-ақ жайт. Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді ұлттымызды, отбасымызды қадірлегендей қадірлейік! Қазақстанның азаматымын деп санайтын әрбір адам мемлекеттік тілді білуі шарт деп ойлаймын. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың, ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық тіл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық берілетіні анық. Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл – ақылдың өлшемі. Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді,

білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген даналық сөз бар. Әрине, құлтарға боларлық ой, бірақ, өзге тілді білемін деп жүргенде өз тілімізден алыстап кетпеуіміз керек. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тіл. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгірт. Тілдерді дамыту – елдердің, мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тілімізді құрып кетті, құрдымға батып жатыр деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Тілді насихаттауда, үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметі мол болуы тиіс. Әрбір отбасында осындай тілге деген жанашырлық болса, «тама-тама тамшыдан дария болар» дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілер деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек, әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып, білуі тиіс. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктеуіміз керек. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағынан да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Бұл – біздің басты парызымыз.

Г.Айдарханова,

Ақтоғай аудандық сотының бас маман-сот отырысының хатшысы.

## Кәсібіне қарай – нәсібі

«Gadget» дүкенін ашады. Мұнда жас кәсіпкер ұялы телефонға қажетті аксессуарлар, кеңсе тауарларын сатумен қатар, компьютер,

телефон жөндеумен айналысады.

З.Владимировна: «Бизнесті сәтті жүргізу үшін күнделікті тынбай еңбектену қажет,

сонымен қатар үнемі ізденіс үстінде жүріп білім алып, кәсіби деңгейін арттыруға ұмтылмаса, барлығы бекер болады. «Адамды көркейтетін – еңбек» дегенді алға тартамын. Сондықтан, аянабай еңбек етіп келемін. Тұрмысым да берекелі. Енді жас кәсіпкерлерге арналған мемлекеттің қолдауын алып кәсібімді кеңейтсем», – дейді.

Расыммен де, кіші бизнес – нарықтық экономикадағы ең тиімді табыс көзі. Ол үшін көп ақша қажет емес, әрі тұтынушысы да көп. Көп еңбек еткенге бақып та басын иеді. Әлем де еңбекпен ғана жасарып, жаңғырады.

Думан ҚАБЫЛ,  
Сарышаған кенті.

**А.Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл**

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен де ерекшеленеді. Ахаң қалам тартқан саяси-әлеуметтік мәселелерді айтпағанда, филологиялық ғылым-білім жүйесіндегі кез келген соны ізденіс ғалым шығармашылығы мен мұрасына соқпай өтпейді. Себебі, А.Байтұрсынұлы – ұстаз, ақын, фольклортанушы, әдебиетші, тілші, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің негізін қалаушы. Академик Р.Нұрғали айтқандай: «Кенестік дәуірде: А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екенін мойындамау – шындық



ойымызша, ғалымның жаңашылдық бастамаларына негіз және тірек болған дереккөздер, «Әдебиет танытқыштын» қосымшасы ретінде шығуға тиісті болған «Нұсқалықта» көрсетілген болуы бек мүмкін. Алайда, Аханның «Мәдениет тарихы» еңбегімен қатар, «Қазақ тілінің теориясы» қолжазбасы сияқты бұл «Нұсқалық» та табылмай отыр. Бұл ретте А.Байтұрсынұлы әдебиеттану мен тілтануда пән сөздерін (терминдер) жасауда баға жетпес данышпандықтың үлгісін көрсетті. Ұлттық әдебиеттану қазір кеңінен қолданып жүрген негізгі пән сөздерін, категориялар мен ұғымдарды өте дәл және ойға қонымды жасап шыққаны – танқаларлық қабілеттілік. Еңбектегі өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша осы кестелегідей терминдер жүйесінің

# Ғылыми мектептің негізін қалаушы

алдындағы қиянат» болып келді. Ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің ғасырлар бойғы ғылыми бағыттағы ізденістерінің нәтижесі ретінде кеменгер тұлға А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» дүниеге келді де, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туғандығын дәлелдеп берді. Ол әдебиеттану ғылымының туып-даму жолындағы келешек ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз және басшы болуға тиіс еді. Амал не, екі-үш жылдан кейін А.Байтұрсынұлының қазақ зиялыларына төнген алғашқы саяси зұлматтың құрбандығына айналуынан бастап, ұзақ жылдар бойы еңбекті ғылыми айналымнан шығарып тастады. Әйтсе де, әдебиет теориясынан кейін де жазылған еңбектерге негіз болумен қатар, танымдық ізденістерде табан тіреп басты қайнар көз болып қала берді. Біз бүгінде «Әдебиет танытқыштың» түркі тілдес халықтар ішінде кездеспеген құбылыс екенін мақтана айтуға тиіспіз. «Әдебиет танытқыш» – жалпы көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасын мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген және әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын дәл тапқан автордың аса зор еңбегінің жемісі. Тұңғыш ғылыми зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған еңбек екені айтылууда. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» түркі тілдес халықтар ғана емес, бүкіл Орта Азиядағы соны серпің, айрықша жаңалық болды. Алайда тақыр жерге ештеңе өспейді. Қандай да болсын ғылым саласы бірден пайда

бола қалмайды, ол туып, қалыптасу жолдарын бастан өткеруі тиіс. Ендеше, «Әдебиет танытқышқа» барар жолда А.Байтұрсынұлы өзінге дейінгі бүкіл түркілік және ұлттық әдеби-теориялық ізденістерге көз салмауы мүмкін емес. Сондықтан, тым әріден қозғамасақ та, ғылымға араласқан кезіндегі ұлттық әдебиеттанудағы алғашқы әдеби теориялық ізденістер мен Аханның осы саладағы алғашқы қадамдары жағдаяттарына көз салған абзал. 1923 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде «Қазақша пән сөздер» деген баяндаманы Елдес Омаров жасады. Баяндамашы бұл мәселе бойынша Ахаңмен ақылдаспады, пікір алыспады десек, қатты қателесеріміз анық. Өзі «Әліпби тақырыбы» атты мақала жасайтын болғандықтан, бұл туралы сөйлуді Е.Омаровқа үлкен сеніммен тапсырған. Баяндамадағы: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай енгізуге болмайды. Жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де, ішінде жат дыбысы бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді... Сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, хат танитын бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Олай болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатын болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» деген пікірде Аханның ғұламалық ұстанымдары жатыр. Шынында да, осы білімпаздардың басқосында соңғы күні төрағалық жасаған кырғыз оқығандарының өкілі И.Арбайұлы айтқандай: «Бұл съездің маңызы зор, қызметі айрықша. Съезд негізгі мәселелерді шешті, елдің болашағына жөн сілтеді». А.Байтұрсынұлы пән сөздері туралы

осы қағидаттар мен өзіндік ұстанымы съезден кейінгі жазған барлық еңбектерінде толық көрініс тапты. 1920 жылдар бас кезінен қазақ әдебиетінің әр салаларына батыл араласып, пікір айта бастаған сыншылдық және әдеби мұра туралы ғылыми-зерттеушілік жұмыстары сапалық та, сандық та жағынан көркейе бастаған қазақ әдебиеттануы әдебиеттің теориялық мәселелерін ғылыми сөз студі күн тәртібіне шұғыл қойды. Бұл салада ерекше маңызы бар, жалпы өнер туралы, әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926 ж.) атты оқу құралы болды. Үлкен білімдарлықпен, ғылыми терен дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталып кеткендіктен, көпшілік арасына кеңінен тарап үлгермеді. Сонымен қатар, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсететін ғылыми мәні соңғы уақытқа дейін дұрыс бағаланбай келді. «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқы ғылыми зерттеу екені туралы нақты бағасы берілді. Ғалым Р.Нұрғали: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» десе, тілші-ғалым Р.Сыздықова: «Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі – әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы. Мұнда автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады», – деп жазады. Автор осындай іргелі еңбекті жазу барысында қандай ғылыми әдебиеттерді пайдаланғаны туралы мәлімет те бермейді, сілтеме де жасамайды. Ол туралы әртүрлі болжамдар бар. Біздің

жасалуынан Аханның кеменгер ғалымдығы танылады. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр. 267-сі (80%) қазір қолданылмайды. Терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан. Тұжырымдай айтар болсақ, «жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін толғаған сөз өнерінің – әліпбиі» бола алған А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен табысы болды. Ол ұлттық әдеби-теориялық танымда қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын, эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан зерттеу дәрежесінде танылды. Ғалым Т.Көкішев айтқандай: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған қондырғы-фундамент». Бүгінгі таңдағы қазақ әдебиеттану ғылымы Аханның «Әдебиет танытқышында» негізделген ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір арнасының тарихи және ғылыми заңды жалғасы болып табылды. **Жандос СМАҒҰЛ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы. («Ortalyq Qazaqstan» газетінен алынды).**

Құқық заңнамасы

### Нашақорлыққа жол жоқ!

Нашақорлық – есірткі заттарына патологиялық құмарлық. Нашақорлық – бүкіл қоғамның қасіреті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет. Нашақорлыққа көбінесе жасөспірімдер, жас буын шалдығады.

Жас буынның ішімдікке, нашақорлыққа салынуының басты себептері:

- Қоғамның әсері;
- Отбасылық жағдай;
- Жеке адамның психикалық жағдайы және т.б. көптеген факторлар белгілі.



Балалар мен жасөспірімдердің девианттық тәртіп формалары тәрізді нашақорлықтың негізгі себептерінің арасында бірінші орындардың бірі отбасындағы келенсіз көріністер, ата-аналардың спирттік ішімдіктерге немесе нашақорлыққа салынуы, өмір сүру деңгейінің төмендігі, жанұя мүшелері арасында көтеріңкі көңіл-күй қатынастарының болмауы, жанұяда өкпенің немесе шешенің болмауы, психоактивті заттарға оңай қол жеткізу, жасөспірімдердің бос уақытын өткізу мен қолы бос болмауының нақты бағдарламасының жоқтығы сияқты әлеуметтік факторлар үлесінде. Жиі жағдайларда есірткілер қоғамдық орындарда: мектептерде, дискотекаларда, кафелерде, көшелерде, саябақтарда, есірткілерді таратушылар мен сатушылардың пәтерлерінен алынады.

Нашақорлықтың адам өміріне тигізер әсері өзімізге белгілі. Онымен айналысқаннан кейін бұзақылық жасау, қорлық көрсету, т.б. жасауға итермелейді. Адам денесі қалжырап, көзі бұлдырап, өмірге не үшін келгені, не үшін жүргені беймәлім болады. Сондықтан да, есірткіге тәуелді адамдар, әсіресе, жастар өз өмірлеріне балта шабады.

Нашақорлық – қоғам дерті. Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Бұл жерде заң сақшылары нарколог мамандар, ата-аналар және сіздер мен біздер, әрбір Қазақстан азаматы шетте қалмау керек. Ғасыр дертімен күресу керек. Дүниедегі ең қымбат нәрсе, ол – сенің өмірің. Сенің өмірің – өз қолыңда.

АБ Ақтоғай ауданының полиция бөлімі.

### Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі оқуға шақырады

«Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022 жылдың маусым айында «В, С1» категориялы автомобиль жүргізуші» біліктілігі бойынша 3,5 айлық курсқа оқушыларды қабылдайды. Мекен-жайы: Ақтоғай ауылы, Нарманбет көшесі, 6. Тел.: 871037 21309. 87474160910. Email: aktogai\_14@mail.ru

Community Notice

### Тікұшақпен жүргізілетін әуе зерттеуі

«Қазақстан Фортескью» ЖШС 2022 жылдың маусым айынан бастап шамамен бес ай бойы тікұшақтан аэрогеофизикалық зерттеу жүргізеді.

Зерттеу барысында Жердің табиғи магнит өрісінің вариациялары өлшенеді және Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында төрт аумақ қамтылады. Зерттеу учаскелеріне ең жақын орналасқан ауылдар: Қарағанды облысындағы Ақши, Сәуле, Жәмші және Шығыс Қазақстан облысындағы Жорға, Емелтау.

Зерттеу тәуліктің жарық уақытында, аптасына жеті рет, жерден 30 м биіктікте 400 м аралықпен ұшатын тікұшақпен жүргізіледі. Тексеру кезінде радиация сәулеленбейді.

Қосымша ақпарат алу үшін бізге хабарласыңыз: +7 775 235 77 22 немесе kazakhstan@fmgf.com.au



### Жарамсыз деп танылсын

Байсеркин Олжас Еркиновичтің атына берілген Сарытерек ауылдық округіне қарасты (жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 09102016243), көлемі 2337 га) ауыл шаруашылығы мақсатындағы шаруа қожалығын жүргізу үшін берілген жер телімінің жерге иелік ету құқығын білдіретін (мемлекеттік акті, жерге орналастыру жобасы) құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.


### Воздушное исследование с вертолета

ОО «Қазақстан Фортескью» проведет вертолетное аэрогеофизическое исследование с июня 2022 года в течение примерно пяти месяцев.

В ходе исследования будут измерены вариации естественного магнитного поля Земли и охвачены четыре участка в Карагандинской и Восточно-Казахстанской областях. Ближайшие к участкам изыскания села: Ақши, Сауле, Жамши в Карагандинской области и Жорга, Емелтау в Восточно-Казахстанской области.

Исследование будет проводиться в светлое время суток, семь дней в неделю с вертолетом, летящим на высоте 30 м над землей с интервалом в 400 м. При обследовании радиация не излучается.

Для получения дополнительной информации свяжитесь с нами по: +7 775 235 77 22 или kazakhstan@fmgf.com.au



### Еске алу



Жидебай ауылының тұрғыны болған ардақты жар, аяулы ана, балдай тәтті немерелерінің әжесі **Саттыбаева Забира Мыңғышқызының** дүниесі салып, фәниге аттанғанына да қырық күннің жүзі болыпты. Қанша жасқа келіп өмірден озса да, ананың аты – Ана. Анашымызға деген сағынышымыз күннен-күнге артуда, жазудан асу жоктығына сабыр қылып, дұға бағыштаудан басқа қайран жоқ. Туған-туысқа сыйлы, ақжарқын, мейірім шуағы мол анамыздың орнын ешнәрсе толтыра алмайды. Қабырғамызды қайыстырып кеткен ажал шіркінге дауа жоқ. Ендігі жерде анамызға Алладан рақым, Пайғамбардан шапағат тілеп, артының қайырын берсін деп, жаны жәннатта, тәні рахатта болсын деп қол жайып, Құран оқып дұға бағыштаймыз.

Тең келмейтін алтын да еш қолдағы,  
Өзің едің, анашым, үйдің зор бағы.  
Жарық берер айымыздай көктегі,  
Болушы едің жанымыздың қорғаны.  
Біздер үшін жұмақ едің шын асқақ,  
Сенсіз қалды жанымыз да тым ақсап.  
Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,  
Кеттің, ана, жанымыздан жырақтап.

**Сағына еске алушылар: жолдасы – Халықтілеу, балалары – Салтанат, Талғат-Айнагүл, Қанат-Гүлжанат, Гүлназия, Фархат-Айгүл, Сұлтан-Айнұр.** Анамыздың өмірден өткеніне 40 күн толуына орай Қарағанды қаласы «Түркістан» мейрамханасында 4 маусым күні сағат 13.00-де Құран бағышталып, ас беріледі. Анамыздың көзін көрген барша жамағатты асқа шақырамыз.

### Еске алу

Аяулы жар, асқар таудай әкеміз, сүйікті атамыз **Сейсепов Мұрат Қауанұлы** әкеміздің фәниден бақиға озғанына 26-шы мамыр күні бір жыл толып отыр. Сұм ажал ортамыздан ерте (58 жасында) алып кеткені қабырғамызды қайыстырса да, дұға етуден басқа қолымыздан келері



жок. Анамызбен өмірдің қызығы мен қиындығын кешіп, балаларын өмірдің соқпағымен өрге тартып, өз орындарын табуға бағыт берген қамқор әкеміздің бақилық болғанына санамыз сенсе де, жүрек түкпіріндегі қимастық пен сағыныш басылар емес. Әкеміздің орны әлі күнге ойсырап тұр.

Әкемізді сағына еске ала отырып, топырағың торқа, жаның жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз. Өтті, кетті зымырап талай күндер, Сен ғана жоқсың біздің арамызда. Жүрек сыздап, еңсе түсіп егілеміз, Ойсыраған орнына қараймыз да. Кетсе де көзден ғайып, Көңілден кеткен емес. Асыл бейнең ешқашан болмас елес. «Жәннатта жаны болсын» деп сұраймыз, Алладан дұға қылып ертелі-кеш.

**Сағынышпен еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.**

12 қараша 2021 жылы **Станбеков Манагүл Сейлбекулы** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

Ақтоғай атыраптық пошта байланыс бөлімшесінің ұжымы мекеменің кассирі Сәуле Омароваға жолдасы **Төлдин Асылбековтің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Құттықтаймыз!



Шабанбай би ауылының тумасы, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доктор, қадірлі ағамыз **Шүкірбай Орынбайұлын** және жеміміз **Есенгүл Манатқызын** зейнеткерлік жасқа толған туған күндерімен құттықтаймыз!

Сіздерге ең басты байлық – денсаулықтарыңыз зор болсын деп ақ тілегімізді ақтара келе, отбасылық бақыт, қуанышты күндер тілейміз. Сіздер жастық өмірлеріңізді елге, туған жерге арнап, сүбелі еңбек жасаған ардақты жансыздар. Елге елулі, халыққа қалаулы кейіпте, ағайын-туысқа сыйлы бола жүріп, осы жасқа жеттіңіздер. Ендігі уақытта бірге қартайып, ғасыр жасап, немере-шөберенің қолынан май жалап, абыз ата, ақ-жаулықты әже болыңыздар.

Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт,  
Келе берсін бастарыңа бақ күліп.  
Шаттықпен көріп таңның арайын,  
Жаратушы төксін игі жақсылық.

**Ақ тілекпен: бауырлары – Болатбай-Құлзияш, Нұрым, Айзада, Ернар, Әсем-Тұрар және жиеніміз – Еркеназ.**

## Құттықтаймыз!



Аса құрметті бірімізге баламыз, бірімізге әпке-бауырымыз **Жанна Алысбайқызы!** Сізді мерейлі 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге өмірдің бар бақыты мен шаттығын тілеп,

әр таңыңыз жақсылықпен атып, әр жылыңыз қуанышқа толы болсын. Қадам басқан елулі белесіңіз бақыт, шаттықпен өрілсін. Зор денсаулық, тың күш-қуатпен биік белестерді бағындырып, қосағыңмен қоса ағарып, балалар мен немере-шөберенің қызығын Мейрам екеуің бір жастықта қартайып, қызықтай беріндер.

Құтты болсын келген мерейіңіз, Жақсылықпен қуаныштан тасыңыз. Ортамызда жадырап, аман жүргің, Күліп-ойнап жүзге келсін жасыңыз.

**Игі тілекпен: ата-анан – Алысбай-Торғай, бауырларың – Дулат, Жасұлан, Ерболдың отбасылары.**

## Құттықтаймыз!

**Құрметті құдағиымыз Шолпан Мырзаханқызы!**

Сізді 60 жасқа толған туған күніңізбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, өміріңізге сарқылмас қуаныш, баянды бақыт, отбастарыңызға шұғылалы шаттық тілейміз. Жанұяңыздың шаттығына, бақыттың бұлағына көзіңізді, ұзақ өмір сүріп, нұрлы шуағыңызды шашып, арамызда аман-сау жүре беріңіз.

Созып өмір жылдарыңның тізбесін,  
Алпыстан соң сексең, тоқсаң жүз келсін.  
Алла жар боп, арадағы мыңжылдық,  
Құдалық пен сыйластықты үзбесін.

**Ақ тілекпен: құда-құдағиыңыз – Сүйіндік-Ләззат, Айдын-Жалыра, Ағыбай-Ботакөз, Айжан.**



## Еңбек адамы

# Тынымсыз Төлеухан

– Адам өмірі қилы-қилы асулар секілді ғой, – деп бастады әңгімесін мәңгі құрдасым Төлеухан Төлепбеков, – мен далаға бауыр басқанмын. Оның себебі бар. Әкей бар ғұмырын қоғамдық малды бағып-күтуге арнады. Табиғаттың төрт мезгілінде бел шешпеді. Өз ортасында қарапайым еңбек адамы құрметке бөленді. Анау Сопа бөлімшесінің бірнеше қыстауында тұрдық. Жазда жайлауға шығамыз. Балдәурен, балалық-ай! Сол күндерді сағынасың...

Анамыз Әнуар әкейдің өмірде де, еңбекте де сүйеніші, таянышы бола білді. Адалдықты бойымызға сіңірді. Біреудің ала жібін аттамауға баулыды. Өте қарапайым болды. Бірақ, бүгінгі насихаттап жүрген қазақы әдет-ғұрып, салт-дәстүр екеуінің де берік ұстанымы еді. Шама-шарқымыз келгенше үлгі тұтып, сенімдеріңе қылау түсірмеуге ниет еттік. Сәтсіз бе, ар-ұят бар жерде берекелі еңбек, ырзық жүреді екен. Әлгі адалдық, тазалық дегеніміз осы болар, бөлкім.

К ө б і н е  
әке жолын  
б а л а с ы  
жалғасты-  
рады. Қай  
мамандық  
болмасын.  
О й ы н д ы  
түсіндім.  
Шопан да  
болып көр-  
дік. Әкейге  
көмектестік,  
а у ы л д ы  
қай шаруа-  
сына бол-  
масын, көзі-  
міз қанық.  
Дегенмен,  
жүрек қала-  
уын қайда  
қоясыз?!

Механизатордың нәсі кем?! Сол кездегі совхоздың дамуына механизатор керемет үлес қосты. Олар араласпайтын сала жоқтың қасы. Мен де өз қолтаңбамды шаруашылықта қалдырдым деп ойлаймын. Әсіресе, мал азығын дайындау науқанын айтсаңызшы. Шабындық төскейін еңбек думанына бөлейтін шақтың өзі бір бөлек әңгіме. Алайда, уақыт өз дегенін істейді. Уақыт өте келе, Ақтоғайға қоныс аудардық, – деп Төкен әңгімесін жалғастырып, өткен өмірге алыстан көз жүгіртіп, бірге жүрген балалық шағымызға саяхаттап кете береді.

Менің кейіпкерім Төлеуханның сабырлы мінезі, байсалды жаң-дүниесі нағыз қарапайым еңбек адамына тән. Не нәрсең ойлап барып шешеді. Ақтоғайға көшіп келгеннен кейін бірден жұмысқа орналасты. Аудандық су жүйесі мекемесі ежелден шаруасы қалыптасқан ұжым болатын. Бірден еңбекке белсене араласып кетті. Осында механик болып біраз еңбек етті. Берілген тапсырманы мүлтіксіз

орындау Төлеуханның бойындағы ізгі қасиет болатын. Сол еңбекқорлығы ұжымға сыйлы етті. Абыройдың үлкен-кішісі жоқ. Мәртебесі биік. Ал 1998 жылдан бастап аудандық тоқ беру, пайдалану мекемесінде күні бүгінге дейін еңбек етіп келеді. Бақылаушы. Жауапкершілік жоғары. Мүлт кетуге болмайды. Тоқты ұқыпты пайдалану керек. Талап күшті. Тоқ көзі қателікті кешірмейді. Ақаусыз, апатсыз тоқ жүйесінің жұмыс жасауына ұжым болып, жұмыла жұмыс жасайды. Мұнда жасы үлкен тәжірибесі мол мамандардың қатарында. Жастарға тәлімгер десе де болады. Жастармен құрдасындай әңгіме дүкен құрып, істің мән-жайын ашық ортаға салады. Игілікті істің басы-қасында жүреді. Бұл ұжым өзіне өте ыстық.

Осында еңбек ете жүріп, балаларын аяқтандырды. Өмірлік жары Рысжан екеуі 46 жыл ғұмырды бірге кешіп, бес бала

тәрбиелеп өсірді. Өмірден өз орнын тапты. «Адам – ұрпағымен бақытты». «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйі» – дейді Абай бабамыз. Бүгінде рахатын көріп, ақарлы-шаһарлы әулет болып отыр.

Балалары Нұрлан, Ерлан, Қазбек, Гүлзира, Дәуреннен



12 немере сүйіп отыр. Немеренің алды Қарағанды қаласында ішкі істер саласында қызмет етіп жүр. Еліне қарапайым еңбек адамы ретінде қызмет етіп келеді. Әлі қатардан қалған жоқ. Оның мол тәжірибесі ұжымға керек. Бұл да бір бақыт! Мына өмірде керек болу қандай ғанибет. Керексіз, қадірсіз боп қалғаннан сақтасын. Ол үнемі тынымсыз. Алға қойған мақсатына жету жолында игі істерді тындыра береді. Қазір тоқ көзін пайдалануға жаңалық енгізілуде. Төлеухан оны да барынша жетік меңгеріп алуға ұмтылады. Адам ғұмырындағы тағдырдың берген жасын көру, бақытты отбасымен қызықты бөлісу – шынайы өмір. Төлеухан құрдас 68 жасқа келіпті. Бү, құрдас, қолыңды әкел! Ғұмырлы бол! Отбасының берекесі, шаттығы болған Рысжаныңмен ғасыр жаса!

**Бірге өскен кластастары атынан Оралбек Жүнісұлы,**

**«Қазақстанның Құрметті журналисі».**

## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, «ҚР Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері **Қалияқпарова Шолпан Мырзаханқызын** 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Әрқашан Алланың назарында, бақыттың базарында балқып, шалқып-тасып жүре беріңіз. Сізге сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз. Арамызда бүгінгі күндей жарқырап, күліп-ойнап жүре беріңіз.

«Алпыс – тал түс» дегендей, әлі де

алар асуларыңыз көп болсын. Қызық-қуанышқа тоймай, ортамызда аман-есен жүре беруіңізге тілектеспіз. Осы қадір-қасиетіңізбен, абыройыңызбен аласармай, құрбы-құрдастарыңыздың қошеметіне бөленіп жүре бергейсіз.

Үлгі болған үлкенге де, жасқа да, Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да. Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік, Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да!

**Ізгі ниетпен: шешесі – Баян, Қалияқпаровтар әулеті.**

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**  
**Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті**  
**редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192.** (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

**Жауапты хатшы Думан ҚАБЫЛ**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



**Электрондық пошта aktogai\_red@mail.ru**

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

